

DOI 10.54596/2958-0048-2024-4-243-249

ӨОЖ 378.147:81`374

ҒТАМА 16.21.47

ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Синбаева Г.К.¹

^{1*}*«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Петропавл, Қазақстан*

**Хат-хабар үшін автор: zhkadyrov_777@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада лексикалық-семантикалық топтардың тұжырымдамасы қарастырылады. Автор мақалада лексикалық-семантикалық топтарды қалыптастырудың негізгі принциптері, олардың лексикография мен лингвистикадағы рөлі, сондай-ақ оларды анықтау және жіктеу әдістерін талдаған. Тілдік құбылыстар мен категорияларды зерттеу үшін лексикалық-семантикалық топтарды қолданудың практикалық мысалдарын қарастырған. Мақалада лексикалық-семантикалық топтарды қосымша зерттеулердің болашағы және олардың тілдегі лексикалық материалды ұйымдастыруды түсінудегі маңызы талқыланады. Мақала әртүрлі тілдік контексттердегі лексикалық-семантикалық топтарды талдау және түсіндіру кезінде кездесетін қиындықтармен жұмыс жасайтын мұғалімдерге және оқушыларға арналады.

Кілт сөздер: лексика-семантика, омоним, синоним, антоним, фразеологизм, сөздік қор, тілдік жүйе, омофон, омограф, пароним, каламбур.

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ГРУППЫ И ПУТИ ИХ ФОРМИРОВАНИЯ

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Синбаева Г.К.¹

^{1*}*НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»
Петропавловск, Казахстан*

**Автор для корреспонденции: zhkadyrov_777@mail.ru*

Аннотация

В данной статье рассматривается понятие лексико-семантических групп. Автор проанализировал в статье основные принципы формирования лексико-семантических групп, их роль в лексикографии и лингвистике, а также методы их выявления и классификации. Рассмотрены практические примеры использования лексико-семантических групп для изучения языковых явлений и категорий. В статье обсуждаются перспективы дополнительных исследований лексико-семантических групп и их значение в понимании организации лексического материала в языке. Статья адресована учителям и учащимся, которые работают над трудностями, с которыми сталкиваются при анализе и интерпретации лексико-семантических групп в различных языковых контекстах.

Ключевые слова: лексика-семантика, омоним, синоним, антоним, фразеология, словарный запас, языковая система, омофон, омограф, пароним, каламбур.

LEXICO-SEMANTIC GROUPS AND THEIR FORMATION WAYS

Kadyrov Zh.T.¹, Sinbayeva G.K.¹

^{1*}*M. Kozymbayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: zhkadyrov_777@mail.ru*

Abstract

This article discusses the concept of lexical and semantic groups. In the article, the author analyzed the basic principles of the formation of lexical and semantic groups, their role in lexicography and linguistics, as well as methods for their definition and classification. Practical examples of lexical and semantic groups for the study

of linguistic phenomena and categories were considered. The article discusses the prospects for additional study of lexical-semantic groups and their significance in understanding the organization of lexical material in the language. The article will be devoted to teachers and students working with difficulties encountered in the analysis and interpretation of lexical and semantic groups in different language contexts.

Key words: vocabulary-semantics, homonym, synonym, antonym, phraseology, vocabulary, language system, homophone, homograph, paronym, calambur.

Кіріспе

Әр тілдің сөздік құрамындағы сөз – қанша көп және әр түрлі болса да, олар бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Олар өз элементтерінің жүйесі ретінде өмір сүреді және дамиды. Бұл тұрғыда лексикографиядағы лингвистикалық терминдер лексикалық жүйелерде, ал сөздер қарапайым тілдік жүйелерде қалыптасыр пайда болады. Кез-келген тілдегі сөздік қордың жүйесін зерттеуде ең алдымен лексика-семантикалық топтардың өзара байланысын анықтап алу керек.

Кейбір ғалымдар тіл элементтерінде лексикалық мағыналардың бар екенін мойындағанымен, олар бұл мағына лингвистиканың объектісі емес немесе тілдік категория емес деп санайды. Мысалы, А.А. Реформатский: «Ешкім де мағынаны жоққа шығармақ емес және көп жағдайда ғалымдар онымен қызығуы керек. Бірақ қандай ғалым? Қай мамандықта? Егер тілші жүйе мен құрылыммен шұғылданатын болса, онда онымен айналысатын ғалымның тілші болуы екі талай» [1, 113 б.], – деп өз пікірін қалдырған. Ал бұл теорияны қолдаушылардың бірі – ғалым А. Г. Волков. Ол «Мағына тілдік категория емес, ол өзінің табиғаты жағынан ойлаудың бір функциясы» [2, 47 б.], – деп нақты айтқан. Екі ғалымның да пікірінше жүйе мен мағынаны қарама-қарсы қояды және сөз мағынасын тілдік жүйемен байланыстырады. Ал сөз мағынасын тіл білімі қарастырмайды, оны ойдың бір көрінісі ретінде философия, не логика зерттейді деген тұжырым жасайды.

Зерттеу әдістері

Егер сіз тілдегі сөздердің лексикалық семантикалық құрылымына назар аударатын болсаңыз, онда кейбір сөздер жеке тұрғанда немесе бөлінген кезде олардың лексикалық мағынасын білдірмейтін сияқты. Мәселен, есімдіктердің мағынасы барынша жалпыланған болады да, лексикалық мағынадан гөрі грамматикалық мағынаға жуық болады. Яғни есімдіктердің грамматикалану үрдісі өте жоғары. Сөйлем өздігінен құрамында басқа сөздермен байланысқа түспей, нақтылы ұғыммен не бір затпен байланысты бола алмайды. Бірақ сөздің лексикалық мағынасының бар не жоқтығы тек жалпылану, дерексіздену деңгейімен ғана анықталмаса керек. Есімдіктерде лексикалық мағына жоқ, оны көмекші сөздер қатарында қарау керек деп кесімді түрде айтуға болмайды. Өйткені есімдіктердің мағынасы да басқа сөздердің лексикалық мағынасы сияқты белгілі бір дыбыстар кешенімен үздіксіз байланыста болады. Дәлірек айтсақ, есімдіктің мағынасы грамматикалық мағына сияқты сөздер тобына емес, жеке сөзге тән мағына болып табылады. Әрі алуан-түрлі тілдік қатынаста мағынасы тұрақты сақталып, есімдік дербестігін сақтап қалып отырады. Бұл жағдай есімдіктердің көмекші сөздер қатарында емес, атауыш сөздер қатарында қаралуына негіз болады. Ал оның мағынасының грамматикалық мағынаға тән белгілерінен гөрі лексикалық мағынаға тән белгілері басым болады.

Зерттеу нәтижелері

Кейбір ғалымдар жеке сөздердің лексикалық мағынасы жоқ, олардың мағынасы сөздердің сөйлемдегі орнымен немесе басқа сөздермен байланысынан туындайтынын

ашып айта бермейді. Әрине, мұнда ғалым сөйлемнің бөлігі болса, сөздердің байланысын да болатындығын баса айтып тұр. Ал ғалым А. А. Реформатский бұл пайымдауларға тереңірек үңіліп, сөздің мағынасы объективті түрде емес, тіл элементтері арасындағы қатынастан туындайды, ол объектив дүниедегі заттар мен түрлі құбылыстардың бейнесі не көшірмесі емес, керісінше тіл элементтерінің арасындағы қатынастан туады деген қорытындыға келеді [1, 74 б.].

Сөз мағынасы мен объективті дүниенің заттары мен құбылыстары арасындағы байланыс айқын көрінеді. Дегенмен бұл байланысты тек қарым-қатынас деп түсіну қате. Заттар арасындағы әртүрлі қатынастар басқаларға сөз арқылы жеткізілетіні де анық. Сөз тілдік жүйенің элементі ретінде басқа тілдік бірліктермен парадигмалық, синтагматикалық, иерархиялық қатынастарға түседі. Тілдің лексикалық деңгейінде басқа сөздермен лексика-семантикалық байланыста болады. Мысалы, *көк* деген сөзді алсақ, түр-түсті білдіру арқылы *ақ, қара, қызыл, сары* сияқты т.б. сөздермен бір лексика-семантикалық топ құрайды. Сөз белгілі бір грамматикалық қасиеттерге ие болып, сөздердің лексика-грамматикалық категорияларының құрамына енеді. Сол лексика-грамматикалық топқа тән грамматикалық мағыналар сөздің мағына құрылымынан орын алады. Сондай-ақ грамматикалық тұлғалармен түрлену арқылы басқа сөздермен синтагматикалық байланысқа түседі. Мысалы, *жина* сөзі қимыл-қозғалыс ұғымымен байланысты болғандықтан, етістік сөз табына жатады. Етістікке тән жақ, шақ, рай категориясының грамматикалық тұлғаларымен түрленіп, грамматикалық мағына білдіреді: *жинаған, жинамақшы, жинасын, жинармын, жинап жатыр, жиса игі еді* т.б. Белгілі бір тілдегі сөз сол тілдің грамматикалық заңдары бойынша тұлғаланады да, өзіне тән тұлғаларының бірінде көріне алады.

Сөздің лексикалық мағынасы сол сөздің грамматикалық мағыналарымен байланыста өмір сүреді. Сөз қай сөз табына қатысты болса, сол сөз табына тән грамматикалық мағыналар оның (сөздің) лексикалық мағынасына әсер етеді. Әрбір сөз табының өзіне тән семантикалық ерекшелігі болады және ол ерекшелік белгілі бір сөз табына қатысты жеке сөздердің лексика-грамматикалық мағынасынан нақтылы түрде көрінеді. Қазақ тіліндегі *қасқыр, түлкі, темір, ағаш, алтын, күміс, жүн, киіз, тері* сияқты т.б. сөздер негізінен заттық ұғымды белгілейді. Мысалы, *Алтын* – бағалы металл дегенде заттық ұғымды белгілеген. Сондай-ақ анықтауыш қызметінде келу арқылы заттың материалдық тегін, неден жасалғанын да білдіре алады. Мысалы, *алтын сағат, алтын жүзік, алтын қасық* сияқты т.б. сөз тіркестерінде *сағат, қасық, жүзіктің* неден жасалғанын білдірген.

Әр түрлі тілдердің сөздік қорында сөз сан алуан ұғымдарды белгілейтін атау ретінде қолданылады. Керісінше, бір ұғымның атауы ретінде бірнеше сөзді қолдануға болады. Мысалы, «ақылды», «дарынды», «білгір» деген өзара синонимдік сөздер барлық басқа ұғымдарды емес, тек бір ұғымды білдіретін атаулар болып табылады.

Орыс тіл білімінің ғалымы Д.Н. Шмелев лексикалық мағынасының барлығына бірдей ортақ мағына элементін семантикалық тема деп атайды [3, 73 б.]. Семантикалық тема парадигмалық мағынаның қалыптасуына, өмір сүруіне жағдай жасайды. Лексика-семантикалық топтың құрамына енетін сөздер өздерінің дербестігін жоғалтпайды. Олар бірі екіншісімен жалпы жақтармен ғана байланысып жатпастан, жеке ерекшеліктерімен өзара айырмашылықтары бар.

Сонымен, сөздер түрлі қасиет белгілеріне байланысты топтастырылады. Мысалы, синтагмалық қасиеттерінің бір болуы, бірыңғай категориялды-лексикалық семалардың болуына да негізделеді. Лексика-семантикалық топтың бір топқа топтастыруының

белгілерін санамалап айқындап береді. Ғ.Резуанова: «Егер сөздік құрамдағы сөздердің белгілі бір топқа топтауда олардың мағына орталығы, бір-біріне мағынасы жағынан жақындығы, төркіндестігі ескерілсе және соның негізінде туындаған туыстас мағыналар болса, онда ол көп мағыналы сөздер тобын құратындығы. Мағыналық ешбір байланыстығы жоқ, бірдей дыбыстатын сөздер де бір ғана топқа топтастырылса, онда оларды омоним сөздер деп атаймыз» [4, 60 б.], – деп айқындайды. «Лексика-семантикалық топ дегеніміз екі немесе одан көп сөздердің мағынасына қарай жинақталған тобы. Сөздердің лексика-семантикалық топтарына омоним, синоним, антоним, тұрақты сөз тіркестері жатады. Өйткені синонимдер тобына енетін сөздер өздерінің лексикалық мағыналарының жақындығы негізінде топтастырылса, мағыналарының қарама-қарсы келуіне қарай антоним сөздердің тобы келіп жасалады» [4, 60 б.]. Лексика-семантикалық топтардың әрқайсысының өзіндік жасалу жолдары бар және типтері болады.

Антонимия – лексиканың кейінірек зерттеле бастаған саласы. Әдетте, мағыналары қарама-қарсы сөздер антоним деп аталады. Ғалым Ә. Болғанбаев антонимдерді жан-жақты зерттеп, жасалу жолдарын айқындайды. Ғалым туынды антонимдер мәселесіне байланысты ұғымдарды тұжырымдап береді. Ә.Болғанбаев антонимия мен болымсыздық категориясының ара жігін ашу қажеттігі туралы мәселе қозғайды [5, 54 б.]. Қазақ тіл біліміндегі антонимдерді зерттеуші ғалым Ж. Мусин былай дейді: «Антонимдер синонимдермен байланысты, ол басқа лексика топтарыдан бөлек не оқшау құбылыс емес» [6, 27 б.].

Ж. Мусин антонимдерді тұлғалық және мағыналық жағынан жеті топқа топтастырады:

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдік контекстер
2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдік контекстер
3. Альтернативтік мәнде болатын антонимдік контекстер
4. Философиялық ой түйіні, тұжырым, пікірменде болып келетін антонимдік контекстер
5. Жеке, дар қолданылатын антонимдік контекстер
6. Антоним сөздер субъекті – предикаттық қатынаста болып келетін контекстер
7. Өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатын антонимдер [6, 24 б.].

Қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторларын қарастырған А.Жүсіпов: «Синонимдер мен антонимдер семантикалық байланыстың екі бір негізгі түрі іспеттес өзара тығыз байланыста болады: нақтылы бір сөздердің синонимдер мен антонимдері бірдей лексика-семантикалық топқа жатады» [7, 18 б.] – деген өз пікірін айтады.

Тіл байлығының тікелей көрсеткіштері болып табылатын синонимдерді білу өте маңызды. Сөздік қоры синонимдерге бай адамның жазуы да, сөйлегені де құлпырып, үнемі өзгеріп отырады. Тілдегі синонимдердің байлығы – бұл тілдің сөздік қоры бай және дамыған дегенді білдіреді. Қазақ лингвистикасында алғаш рет Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл қисыны» мақаласында «синоним» терминін қолданбай, оның қасиеттерін дәл тауып, анықтайды. Қазақ тіліндегі синонимдерді түгел білетініміз - оны қазақ тілінде қолдана білу емес. Тілді қолдана білу дегеніміз – ойларға сәйкес келетін сөздерді таңдай білу, сонымен қатар сөздерді сөйлемдермен байлыныстырып, дұрыс құра білу. Өңгімеде әркім әр түрлі сөздерді қолданады. Біздің бәрімізде бір мақсат бар, бәрімізде әл-ауқат бар, бірақ әр адам оны әр түрлі сөздермен сан алуан тұрғыда сұрайды. Әркім өз қалауы бойынша қолданатын сөздер сол адамның тіліне айналады.

Омонимдер – барлық тілдерде кездесетін құбылыс. Омоним лексика-семантикалық топтардың бірі болып саналады. «Тіл-тілдің лексикасында дыбысталуы бірдей де, мағынасы әр басқа сөздер бар. Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздерді омонимдер деп аталады» [8, 113 б.] – дейді К.Аханов. Омонимдер бір лексика-семантикалық топ болып жүйеге түсуінің басты белгілері: дыбысталуы бірдей болып келуінде. Дегенмен тілімізде дыбысталуы бірдей болғанмен әр басқа сөз табына жатпай, бір ғана сөз табына енетін, әрі мағыналарында жақындық бар сөздер кездеседі. Ондай сөздер тобы тілімізде полисемия деп аталады. Омонимдерден полисемияның айырмасы «мағыналарының арасында байланыс бар ма, жоқ па?» айқындаудың қажеттілігінен туады. Ондай сөздерді омонимдер деп танимыз.

Омонимдердің жасалуының бірнеше жолдары бар:

1. Лекси-семантикалық тәсіл арқылы жасалады.
2. Фонетикалық тәсіл арқылы жасалады
3. Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл арқылы жасалады.

Басқа да тілдік құбылыстар сияқты омонимдер белгілі бір заңдылықтар арқылы жасалады. Оның да өзіндік жасалу жолдары, амал-тәсілдері, ішкі түрлері бар. Омонимнің түрлерінен басқа типтері де бар делінеді. Оларға омофондар, омографтар, омоформалар, пароним және каламбурлар жатқызылады.

Енді осылардың әрқайсысына қысқаша түсініктеме беріп кетейік: **омофон** – грек тілінің *homos* «біркелкі, бірдей» және *phone* «дыбыс» деген мағынадағы сөзінен жасалған термин. Сонда *омо* – «бір» дегенді білдірсе, *фон*, *фоно* – «дыбысталу», яғни дыбысталуы бірдей, жазылуы әр басқа сөздерді омофондар деп атаймыз. Мысалы: *Ащы* – *қарсы мағынасы* – *тұщы*. *Асшы* – *ас даярлайтын адам*; Екеуінің де айтылуы – *ашшы*.

Омограф – грек тілінің *homos* – «бір» және *grapho* «жазу» деген сөздерінен жасалған термин. Яғни жазылуы бірдей, бірақ айтылуы әр басқа немесе айтылуда сәл де болса айырмашылығы бар сөздер. Қазақ тілінде омографқа мысал ретінде «*Көрші, менің жаңадан алған жиһазымды көрші*» дегендегі *көрші* сөзін алуға болады. Кейбір оқулықтарда омографқа мысал ретінде мына сияқты сөздердің қатарын да беріп жүр: «*бөлме* – үйдің бөлігі; *бөлме* – бөл деген етістіктің болымсыз түрі; *тартпа* – тарт деген етістіктің болымсыз түрі» *тартпа* – столдың қағаз салатын жәшігі.

Ал омоформалар деп сөздің бүкіл тұлғасында емес, тек қандай да бір тұлғасында ғана бірдей болып келуін айтамыз. Мысалы, *жаз* – зат есім (жыл мезгілі) және *жаз* – етістік (қағазға не басқа бір затқа қалам, я қарындашпен өрнек салу әрекеті) сөзі түбір қалпында бір-бірімен омоним бола алады да, қосымша жалғанған кезде омонимдік қатынасқа түсе алмайды. Өйткені *жаз* зат есім болғанда септеледі, көптеледі, жіктеледі және тәуелденеді, ал етістік *жаз* көсемше, есімше, етіс тұлғаларын қабылдайды.

Каламбур – француздың «*calembour*» дыбысталуы бірдей, мағынасы әр басқа сөздерге негізделген сөз «әзілі» деген сөзінен жасалған термин. Олар көркем әдебиетте, көбінесе поэзияда, қолданылады. Мысалы:

Қалқам, жаным, **қарағым**,
Бетіңе келмес **қарағым** (С.Торайғыров).

Жалпы, омоним туралы зерттеулерде, негізінен, «толық омонимдер» жайлы сөз болады да, оның «айрықша түрлері» үстірт қарастырылады. Әсіресе, пароним мен каламбурларды зерттеу тілдің айрықша, айшықты өрнегін тереңдей ұғынуға көп септігін тигізеді. Оның бүгінгі әдебиеттегі бар көрінісін жаңа техниканың көмегімен есепке алып, жете зерттеу болашақ ұрпақтың үлесі.

Қазақ тілінің сөз байлығының бір саласы-фразеологизмдер. Фразеологиялық бірліктерді құрамы мен құрылымы тұрақты, кем дегенде екі сөздің тіркесімінен құралған лингвистикалық бірліктер деп атайтыны белгілі. Бір кездері зерттеушілер тұрақты тіркестерді бір мағынаға және олардағы байланыстардың үлесіне қарай жіктеген, содан кейін соңғылары құрылысы мен құрылымдық сипаттамасына қарай, үшіншісі атқаратын қызметі мен стилистикалық мағынасына қарай топтастырған. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тізбек болып, негізінен екі топқа жіктеледі.

Қазақ тіліндегі ауызша фразеологиялық бірліктерге келетін болсақ, олардың көпшілігі етістік фразеологиялық бірліктер болып табылады. Одан кейінгі заттық және сындық мағынадағы фразеологиялық бірліктер. Ал бұл үшеуінен ең азы үстеу мағынасы бар фразеологиялизмдер екені анық.

Қорытынды

Қорытындылай келе, сөздердің лексика-семантикалық топтарына омоним, синоним, антоним, тұрақты сөз тіркестері жатады. Лексика-семантикалық топ деп екі немесе одан көп сөздердің мағынасына қарай жинақталған тобын айтамыз. Лексикалық-семантикалық топтарды зерттеуде біз бұл құрылымдардың тілдің лексикалық материалын жүйелеуде және түсінуде шешуші рөл атқаратынын анықтадық. Лексикалық-семантикалық топтар сөздерді мағынасы мен қолданылуы бойынша жіктеуге ғана емес, сонымен қатар тілдік құбылыстарды тереңірек деңгейде талдауға мүмкіндік береді. Талдау барысында жалпы қолданыстағы тұрақты тіркестерден басқа авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер де анықталды. Лексикалық-семантикалық топтарды қалыптастырудың негізгі принциптері семантикалық жақындықтан стилистикалық ерекшеліктерге дейін, олардың икемділігі мен әртүрлі тілдік контексттердегі бейімделуіне баса назар аударады.

Әдебиет:

1. Реформатский А.А. Лексические мерисмы и семантическая редукция. Проблемы структурной лингвистики. – Москва, 1973. – 645 с.
2. Волков А.Г. Знак и значение. Проблема значения в лингвистике и логике. – Москва, 1963. – 223 с.
3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 211 б.
4. Резуанова Ғ., Резуанов А. Қазақ тілі (Лексикалық талдаудың жүйелілік сипаты). – Павлодар, 2006. – 246 б.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 147 б.
6. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 174 б.
7. Жүсіпов А. Қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 30 б.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2003. – 496 б.

References:

1. Reformatskij A.A. leksicheskie merismy i semanticheskaya redukcija. Problemy strukturnoj lingvistiki. – Moskva, 1973. – 645 s.
2. Volkov A.G. Znak i znachenie. Problema znacheniya v lingvistike i logike. – Moskva, 1963. – 223 s.
3. Orazov M. Kazak tilinin semantikasy. – Almaty, 1991. – 211 b.
4. Rezuanova G., Rezuhanov A. Kazak tili (Leksikalық taldaudyң zhıyelilik sipaty). – Pavlodar, 2006. – 246 b.
5. Bolganbaev A. Kazak tilinin leksikologiyasy. – Almaty: Mektep, 1979. – 147 b.
6. Musin Zh. Kazak tilinin antonimder sozdigi. – Almaty, 1984. – 174 b.
7. Zhusipov A. Kazak tilindegi karama-karsylyktyн konnektorlary. Filol. gyl. kand....diss. – Almaty, 2004. – 30 b.
8. Ahanov K. Til biliminin negizderi. – Almaty: Sanat, 2003. – 496 b.

Information about the authors:

Kadyrov Zh.T. – corresponding author, Candidate of philological sciences, professor, associate professor, Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru;

Sinbayeva G.K. – Senior lecturer, "Kazakh language and literature" chair, master, Kozybayev University, e-mail: gsinbaeva@mail.ru.